

мүлікпен қамтамасыз ету;

13) терроризмге қарсы күресті үйлестіру жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган - Қазақстан Республикасының Президенті белгілейтін және терроризмге қарсы күрес саласында мемлекеттік реттеуді өзінің өкілеттігі шегінде жүзеге асыратын мемлекеттік орган . " ;

2) 2 - б а п т а :

тақырыптағы "күрес саласындағы" деген сөздер "күрес туралы" деген сөздермен ауыстырылсын ;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Терроризмге қарсы күрес туралы Қазақстан Республикасының заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және Қазақстан Республикасының осы Заңынан және өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады "

3) 3-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

"7) терроризмге қарсы операцияларды жүргізудің техникалық әдістері мен тактикаларын, сондай-ақ көрсетілген операцияларға қатысушылардың құрамын б а р ы н ш а а з ж а р и я л а у " ;

4) 4-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"4-бап. Терроризмге қарсы күрестің жалпы мемлекеттік жүйесі

1. Қазақстан Республикасының Президенті терроризмге қарсы күрес саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын анықтайды.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі терроризмге қарсы күресті тікелей жүзеге асырушы мемлекеттік органдардың қызметін қажетті күштермен, құралдармен және ресурстармен қамтамасыз етуді ұйымдастырады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі терроризмге қарсы операцияларды жүргізу үшін көлік құралдары мен байланыс құралдарын беру тәртібін анықтайды.

3. Терроризмге қарсы тікелей күресті жүзеге асыратын мемлекеттік органдар:

1) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті;

2) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі;

3) Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі;

4) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі;

5) Заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган.

4. Терроризмге қарсы күресті үйлестіру жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган терроризмге қарсы күресті тікелей жүзеге асыратын мемлекеттік органдарынан б е л г і л е н е д і .

Терроризмге қарсы күресті үйлестіру жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган: өз өкілеттігі шегінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының терроризмге қарсы күрес саласындағы қызметін үйлестіреді және олардың өзара

іс-қимылдарын

ұйымдастырады;

Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының қауіпсіздік жүйелерін және террористік қатерлерді бейтараптандыруға дайындықтарын күшейту жөніндегі кешенді шаралардың іске асырылуын бақылауды жүзеге асырады;

терроризмге қарсы күрес саласындағы Мемлекеттік бағдарламаны заңнамада белгіленген тәртіппен әзірлейді және оның іске асырылуын бақылауды жүзеге асырады ;

Қазақстан Республикасының Президентіне терроризмге қарсы іс-қимыл жасау бойынша қабылданатын шаралар туралы жыл сайын баяндама ұсынады, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президентін және Қазақстан Республикасының Үкіметін террористік қауіп-қатерлер туралы ағымдағы хабардар етуді жүзеге асырады.

5. Террористік көріністердің алдын алу, анықтау және жолын кесу жөніндегі іс-әрекетке өз құзыреті шегінде басқа да мемлекеттік органдар қатысады.";

5) 7 - б а п т а :

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес күзетілуі тиіс өзге де күзетілетін адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді";

мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган террористік іс-әрекетті қаржыландыру үшін Қазақстан Республикасының қаржы жүйесін пайдалану фактілерін болдырмау мақсатында ақшалай және (немесе) өзге де мүліктік операциялар туралы ақпараттарды жинауды және талдауды жүзеге асырады.";

6) 8-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"8-бап. Терроризмге қарсы күрестегі өзге де мемлекеттік органдардың құзыреті Мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде:

1) терроризмді тудыратын әрі терроризмге және террористік іс-әрекетті жүзеге асыруға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтауға және жоюға, сондай-ақ террористік іс-әрекеттің зардаптарын барынша азайтуға бағытталған алдын ала ақпараттық-насихаттау, тәрбиелік, ұйымдастырушылық, құқықтық, режімдік, күзет және өзге де шараларды әзірлейді және жүзеге асырады;

2) материалдық-техникалық және ақшалай қаражатты, ақпаратты, көлік құралдарын, байланыс құралдарын, медициналық жабдықтарды, дәрі-дәрмектер мен медициналық қызмет көрсетуді, құтқару және басқа да құралдарды береді, сондай-ақ терроризмге қарсы күрес мақсатында өзге де шұғыл көмек көрсетеді;

7) 1 2 - б а п т а :

1-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасында террористік акциялардың жолын кесу жөніндегі іс-шараларды дайындау және жүргізу кезінде мемлекеттік органдардың өзара іс-қимыл тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.";

2 - т а р м а қ т а :

"тікелей жүзеге асыру" деген сөздер "дайындау және жүргізу" деген сөздермен ауыстырылсын ;

"республикалық немесе аймақтық оралымды штабтар құрылады" деген сөздер "терроризмге қарсы операцияларды жүргізуді республикалық және (немесе) облыстық жедел штабтар жүзеге асырады" деген сөздермен ауыстырылсын.";

8) 13 - б а п т а :

1-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Объектілері күзетілетін адамдар болып табылатын террористік акциялардың жолын кесу бойынша терроризмге қарсы операцияларды жүргізу кезінде операцияларға басшылық жасауды Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі жүзеге асырады." ;

3-тармақ мынадай мазмұндағы екінші сөйлеммен толықтырылсын:

"Жедел штаб басшысы терроризмге қарсы операцияны жүргізуге жеке жауап береді .

" ;

4 - т а р м а қ т а :

"террористік акцияның" деген сөзден кейін "күш қолданбай" деген сөздермен толықтырылсын ;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Террористермен келіссөз жүргізу оларды жасаған іс-әрекеттері үшін жауапкершіліктен босатуға негіз немесе жағдай жасау болып табылмайды.";

9) 14-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Терроризмге қарсы операцияны жүргізу үшін жедел штаб басшысының шешімі бойынша меншік нысандарына қарамастан, басқа да мемлекеттік органдар мен ұйымдардың күштері және құралдары тартылуы мүмкін.";

10) 15 - б а п т а :

1-тармақ мынадай мазмұндағы 8) тармақшамен толықтырылсын:

"8) заир және жеке тұлғаларға байланыс қызметтерін көрсетуді тоқтата тұру немесе желілер мен байланыс құралдарын пайдалануды шектеуге" 3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын :

"3. Терроризмге қарсы операцияны жүргізу аймағында бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің болуына және олардың дыбыс жазу, суретке және бейне түсіруді жүзеге асыруға тек жедел штаб басшысының рұқсатымен жол беріледі.";

11) 21-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"21-бап. Ұйымдарды террористік деп тану және оның террористік іс-әрекеттері үшін жауапкершілігі

1. Ұйымдар террористік деп сот тәртібімен танылады.

2. Осы баптың 3-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, ұйымдарды террористік деп тану туралы арызды прокурор сотқа береді.

3. Қазақстан Республикасы аумағында және (немесе) басқа мемлекетте террористік іс-әрекетті жүзеге асыратын шетелдік немесе халықаралық ұйымды террористік деп тану туралы арызды Қазақстан Республикасының Бас прокуроры Астана қаласының с о т ы н а б е р е д і .

4. Егер де ұйымның құрылымдық бөлімшелерінің бірі осы ұйымға басшылық ететін органдарының бірінің рұқсатымен террористік іс-әрекетті жүзеге асыратын болса, ол ұйым террористік деп танылады.

Ұйымды террористік деп тану Қазақстан Республикасының аумағында оның қызметін тоқтатуға, ал егер мұндай ұйымдар заңды тұлғалар болып табылған жағдайда оларды таратуға да алып келеді.

Террористік деп танылған ұйымдарды тарату кезінде оған тиесілі мүлік тәркіленеді және Қазақстан Республикасының кірісіне беріледі.

Өзіне қатысты террористік деп тану туралы арыз берілген ұйым мүліктерін сатуы немесе жасыруы мүмкін деп пайымдауға жеткілікті негіздер болған кезде арыз беруші көрсетілген ұйым мүлкінің сақталуын қамтамасыз етуге барлық қажетті шараларды қ о л д а н а а л а д ы .

5. Сот шетелдік немесе халықаралық ұйымды террористік деп таныған жағдайда Қазақстан Республикасының аумағында осы ұйымның іс-әрекеті тоқтатылады, ал оның бөлімшелері мен өкілдіктері жойылады, оларға тиесілі мүлік пен көрсетілген ұйымдардың мүлкі тәркіленеді және мемлекет кірісіне беріледі.

6. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары және меншік нысанына қарамастан, ұйымдар өз құзыреті шегінде, ұйымды террористік деп тануға қажетті дәлелдеуші бағаны қалыптастыру үшін прокуратура органдарына материалдар беруге м і н д е т т і . " ;

12) мынадай мазмұндағы 21-1-баппен толықтырылсын:

"21-1-бап. Террористік іс-әрекетті жүзеге асыру үшін желілер мен байланыс құралдарын пайдалануға, террористік сипаттағы материалдарды басып шығару мен т а р а т у ғ а ж о л б е р м е у

Қазақстан Республикасының аумағында террористік іс-әрекетті жүзеге асыру үшін желілер және байланыс құралдарын пайдалануға, сондай-ақ террористік сипаттағы материалдарды басып шығару мен таратуға тыйым салынады.

Террористік іс-әрекетті жүзеге асыру үшін жеке адам, қоғам мен мемлекет мүдделеріне зиян келтіретін желілер немесе байланыс құралдары пайдаланылған жағдайда мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес желілер мен байланыс құралдарының қызметін тоқтата тұрады және оларды п а й д а л а н у ғ а т ы й ы м с а л а д ы .

Ақпараттық материалдарда террористік іс-әрекет белгілерінің болуын анықтауды прокурордың арызы негізінде осындай материалдарды шығаруды жүзеге асырған ұйым орналасқан жердегі сот жүзеге асырады."

2-бап. Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК